



БҰЙРЫҚ

2026 ж. 12 наурыз

Нұра кенті

ПРИКАЗ

№ 151

поселок Нура

Ауданның жалпы білім беру ұйымдарындағы оқыту форматы туралы

“Орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығына, Қарағанды облысының қолайсыз ауа –райы жағдайындағы сабақтарды тоқтату бойынша ұсыныстарына сәйкес және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 12 наурыз күні білім беру ұйымдарындағы бірінші, екінші ауысымдағы, 0 - 11 сыныптардағы оқу процесі қашықтық форматта ұйымдастырылсын.

2. Мектеп директорларына:

- барлық сыныптарға арналған сабақтар үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес өткізілсін.
- оқу процесі СДОТ «Білімал» платформасында өткізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет меңгерушісі Д.С.Сейфуллинаға жүктелсін.

Білім бөлім басшысы



Орын. Д.Сейфуллина

Handwritten signature

Д.Такишев